"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫҒЫС № 13-02-321
27 02 2026

**МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, 2026 жылға арналған ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қамтамасыз ету жөніндегі қоғамда ұсақ құқық бұзушылықтарға, бұзақылыққа және мәдениетсіздікке «мүлдем төзбеушілік» атмосферасын қалыптастыру шеңберінде құқық қорғау, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп кең ауқымды жұмыс жүргізу туралы жоспарды басшылыққа алып, орындау үшін жолдайды.

Қосымша: жоспар тіркеледі.

**Басшының міндеттерін уақытша атқарушы** **Б.Самылтыров**

*Орындаған:Г.Ногайбаева*
*Тел:2-14-10*

**«Б Е К І Т Е М І Н»**
**Т.Рысқұлов АПБ-нің бастығының орынбасары**
**полиция подполковнигі**
**Д.Нуралиев**
**«____» __________ 2026 жыл**

**«К Е Л І С І Л Д І»**
**Т. Рысқұлов аудан әкімінің**
**аппарат басшысы**
**Б.Қ.Нұрғалиев**
**«_____» __________ 2026 жыл**

**«К Е Л І С І Л Д І»**
**Т. Рысқұлов аудан әкімдігінің**
**білім бөлімінің басшысының м.а.**
**Б.Самылтыров**
**«_____» __________ 2026 жыл**

**«К Е Л І С І Л Д І»**
**Т.Рысқұлов аудандық «Құлан таңы»**
**газетінің бас редакторы**
**Н.Бықыбаев**
**«_____» __________ 2026 жыл**

**Тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қамтамасыз ету жөніндегі 2026 жылға арналған ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар**

## Ж О С П А Р Ы

Қоғамда ұсақ құқық бұзушылықтарға, бұзақылыққа және мәдениетсіздікке «мүлдем төзбеушілік» атмосферасын қалыптастыру жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде құқық қорғау және мемлекеттік органдар үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп кең ауқымды жұмыс жүргізулері тиіс.

Осы мақсатта бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып, азаматтардың құқықтық танымы мен құқықтық мәдениетін көтеруге бағытталған шаралар қабылдануда. Бұдан басқа, ІІМ азаматтардың құқықтық танымын арттырумен және елімізде құқықтық тәртіпті нығайтумен байланысты бірқатар баптарды айқындады. Оларға ұсақ бұзақылық, оның ішінде жалпы пайдалану орындарын ластау, қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктер ішу, тыныштықты бұзу, сондай-ақ абаттандыру және жол қозғалысы ережелерін бұзу жатқызылды.

Ағымдағы жылы Т.Рысқұлов АПБ-нің Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесімен мүдделі мекемелермен бірлесе келесі іс-шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр :

| № | Іс-шара | Орындау мерзімдері | Жауапты орындаушы лар | Аяқтау нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілікті» қалыптастыру бойынша қоғамдық | Тұрақты | АПБ ҚҚб, АББ, БАҚ, ауыл әкімдері | АПБ ҚҚб - на анықтама ай сайын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | орындарда азаматтардың жүріп-тұру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершіліктері туралы алық арасында уақытта түсіндіру жұмыстарын жүргізу, азаматтарды тәртіпке шақыру. | | | |
| 2. | Құқық бұзушылықтардың, оның ішінде, ұсақ құқық бұзушылықтардың барлық түрлерін анықтау жұмыстарын ұйымдастыру. | Тұрақты | АПБ ҚҚб | АПБ ҚҚб - на анықтама ай сайын |
| 3. | Үй жануарларын *(иттер)* серуендету үшін арнайы орындар, қосымша тұрақ алаңдары, сонджай- ақ, қоғамдық орындарда, көшелерде азаматттардың ұсақ қоқыс тасауларының алдын-алу мақсатында қоқыс контейнерлері мен урналар орнату жұмыстарын ұйымдастыру. | Тұрақты | Ауыл әкімдері | АП ҚҚб - на анықтама ай сайын |
| 4. | Оқу-тәрбие процесінің шеңберінде оқу орындарының оқушылары арасында құқықтық танымын арттыруға және құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидасын қалыптастыруға бағытталған сынып сағаттарын, әңгімелесулер, кездесулер, «дөңгелек үстелдер» өткізу. | Тұрақты | АПБ ҚҚб, АББ | АПБ ҚҚб - на анықтама ай сайын |
| 5. | Компьютерлік клубтарда, көңіл-көтеру мекемелерінде және кәмелетке толмағандар болатын өзге де орындарда, сондай-ақ едәуір криминогендік оқу орындарында бірлескен рейдтер өткізу. | Тұрақты | АПБ ҚҚб, АББ | АПБ ҚҚб - на анықтама ай сайын |
| 6. | Жолдардағы апаттылықты тұрақтандыру және жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерін жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып, алдын- алу іс-шараларын өткізу *(«Қауіпсіз жол», «Жаяу жүргінші қауіпсіздігі күні», «Абай болыңыздар, балалар!», «Мас күйдегі жүргізуші» және т.б.)* өткізуді ұйымдастыру. | Тұрақты | АПБ ҚҚб, БАҚ | АПБ ҚҚб - на анықтама ай сайын |
| 7. | Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай отырып, «Үздік аула», «Үздік кіре беріс», «Таза көше» және | Тұрақты | АПБ ҚҚб, АББ, БАҚ, ауыл әкімдері. | АПБ ҚҚб - на анықтама ай сайын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | т.б. аудандық конкурстарды өткізу бойынша әкімдіктерге ұсыныстар енгізу. | | | |
| 8. | Мүдделі мемлекеттік органдарды, жұртшылықты тарта отырып өткізіліп жатқан іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында барынша жариялау. | Ай сайын | АПБ ҚҚб, АББ, БАҚ, ауыл әкімдері. | Газетке мақала ай сайын |

**Ескертпе:** жоспарға сай Т.Рысқұлов АПБ-нің Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесіне әр айдың соңына атқарған жұмыстары туралы анықтамаларын ұсынуын сұраймыз.

**Т.Рысқұлов АПБ-нің ҚҚб бастығы**
**полиция подполковнигі** **Қ.Сүлеймен.**